




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


# РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ


ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық  
өнер университеті» РММ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	4 нұсқасы: 29.10.2021
	РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Ректораттың негізгі міндеттері, қызметтері мен өкілеттіктері	2
3	Ректораттың қызметін ұйымдастыру	4
4	Мәселелерді Ректораттың қарастыруына дайындау және енгізу	5
5	Қорытынды ережелер	6



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	4 нұсқасы: 29.10.2021
	РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Ректорат туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) ректоратының негізгі міндеттерін, қызметтерін, құрылу тәртібін және өкілеттіктерін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығымен бекітілген мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің Қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің бұйрығымен бекітілген аталған министрліктің Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.


1.3 Ректорат (бұдан әрі - Ректорат) – алқалы оралымды-кеңесші орган, ол Университет қызметін корпоративтік басқару ұстанымдарын іске асыруды және Ректораттың құзыретіне кіретін өзекті мәселелерді үйлестіруді қамтамасыз етеді.

1.4 Ректорат өзінің қызметінде Университет ректорына бағынады.

## **2 РЕКТОРАТТЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

2.1 Ректорат өзінің қызметінде келесі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді:

- Университет ректорының бұйрықтарын, өкімдерін, тапсырмаларын Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің, қызметкерлерінің мүлтіксіз орындауына қол жеткізу;
- Университеттің тәрбиелік, мамандарға қатысты, әкімшілік, қаржылық-шаруашылық, редакциялық-баспалық, шығармашылық, халықаралық және басқа қызметтері бойынша шешімдер шығару;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	4 нұсқасы: 29.10.2021
	РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет


- Университеттің дамуына және ұзақ мерзімдік болашағына қатысты басымдылықты мәселелерді анықтау және Университеттің Ғылыми кеңесінің қарастыруына енгізу;
- Қабылданған басқару шешімдерін іске асыру тәсілдерін жетілдіру, оларды орындауды ұйымдастыру, орындаушылар қызметін үйлестіру;
- Университеттің тұрақты дамуын және ғылыми әлеуеті мен материалдық-техникалық қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;
- Университеттің тәрбиелік, мамандарға қатысты, әкімшілік, қаржылық-шаруашылық, редакциялық-баспалық, шығармашылық, халықаралық қызметтері бойынша қабылданған шешімдерді, жоспарлар мен бағдарламаларды орындауға бақылауды іске асыру;
- Университеттің білім алушылары мен қызметкерлеріне әлеуметтік, мәдени, спорттық және медициналық қызмет көрсетілуін жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу және іс-шараларды өткізу.

2.2 Алдына қойған міндеттерді шешу мақсатында Ректорат келесі негізгі қызметтерді орындайды:

- Оқу процесін ұйымдастыруға және оны әдістемелік қамтамасыз етуге, ғылыми зерттеулерге, тәрбиелік жұмысқа және шаруашылық қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдерді қабылдайды;
- Білім алушыларды қабылдау бойынша іс-шаралардың жоспарларын қарастырады, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің штаттарына өзгерістерді ұсынады;
- Университеттің білім алушыларының білім алуға және басқа қызметтерге төлемдерді уақытылы төлеуін бақылайды;
- Ғылыми-техникалық және әлеуметтік даму, материалдық ынталандыру қоры үшін бюджеттен тыс қаржыны пайдалануды үйлестіреді;
- Университеттің әлеуметтік-экономикалық, әкімшілік-шаруашылық қызметі туралы есептерін тындайды;
- Ректорат қабылдаған жоспарлар мен шешімдерді орындаудың барысын және нәтижелерін бақылайды.

2.3 Өзінің қызметтерін іске асыру үшін Ректорат келесі өкілеттіктерді іске асырады:

- Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің, қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын, Университет Жарғысын, ішкі нормативтік құжаттарды қадағалауын, сондай-ақ, ректордың бұйрықтарын, өкімдерін және тапсырмаларын орындауын бақылайды;
- Университеттің стратегиялық дамуына және қызметіне қатысты аса маңызды салалардың мәселелерін талқылайды;
- Университеттің материалдық және мамандар ресурстарын пайдаланудың басымдылықты бағыттарын анықтайды;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	4 нұсқасы: 29.10.2021
	РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

- Университеттің қызметі мен даму мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;
- Ректоратта қарастыруға жатқызылатын мәселелерді дайындау, құжаттарды және шешімдер жобаларын әзірлеу үшін Университеттің қызметкерлерінен комиссияларды құрады;
- Ректорат мүшелерінің есептерін тыңдайды және Университеттің құрылымдық бөлімшелер жұмысының сапасын жақсарту бойынша шешімдерді қабылдайды;
- Ректораттың шешімдерін талап ететін Университеттің ағымдағы қызметінің мәселелерін қарастырады.

### 3 РЕКТОРАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1 Ректорат Университет ректорының бұйрығымен құрылады.

3.2 Ректораттың құрамына ректор, проректорлар, факультет декандары, Ректораттың төрағасы анықтайтын құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ, Университеттің студенттік және қоғамдық ұйымдарының төрағалары кіреді.

3.3 Университеттің ректоры Ректораттың төрағасы болады.

3.4 Ректораттың төрағасы ректораттың жұмысын ұйымдастырады, және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

3.5 Ректораттың хатшысы ретінде құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің өкілі болады. Хатшы ректораттың мүшесі болмайды.

3.6 Хатшы ректораттың іс қағаздарын жүргізуге жауапты.


3.7 Ректораттың құрамы 5 жылға лауазым бойынша сайланады және мүшелердің саны тақ болуы тиіс.

3.8 Ректорат мәжілістері кемінде, айына бір рет, Университеттің тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

3.9 Ректорат мәжілістерін Университет ректоры өткізеді, ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға өткізеді.

3.10 Ректорат мәжілістері құқықты болуы үшін оған Ректорат мүшелерінің жартысынан астамы қатысуы тиіс.

3.11 Университет қызметінің алдын ала зерттеуді, жоба шешімдерін дайындауды және талқылауды қажет ететін аса маңызды мәселелерін қарастыру үшін Ректорат мәжілістеріне Ректораттың мүшелері болмайтын Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері шақырылуы мүмкін.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	4 нұсқасы: 29.10.2021
	<b>РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

3.12 Шұғыл шешімді қажет ететін мәселелер Ректораттың кезексіз мәжілістерінде немесе Ректораттың мүшелерін сұрастыру арқылы шешілуі мүмкін.

3.13 Шешімдерді қабылдау үшін ашық дауыс беру өткізіледі. Мәжілістерге қатысқан Ректорат мүшелерінің көпшілігі оң жауап берген болса, Ректораттың шешімдері қабылданған болып саналады.

3.14 Ректораттың әрбір шешімі бойынша оны орындауға жауапты тұлға тағайындалады және орындау мерзімі белгіленеді.

3.15 Ректораттың аса маңызды шешімдері Университет ректорының бұйрықтарымен немесе өкімдерімен жария етіледі.

3.16 Ректорат мәжілістері хаттамамен рәсімделеді, оған Университеттің ректоры - Ректораттың төрағасы және Ректорат хатшысы қол қояды.

3.17 Жетекшілік ететін проректор Ректораттың шешімдерінің орындалуын бақылайды және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы Ректорат мүшелеріне хабарлайды.

3.18 Ректордың ұйымдастыруымен Ректораттың шешімдерінің орындалуына жүйелі тексеру өткізіледі.

#### **4 МӘСЕЛЕЛЕРДІ РЕКТОРАТТЫҢ ҚАРАСТЫРУЫНА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ**

4.1 Ректораттың мәжілістерінің күн тәртібі Университеттің тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес құрастырылады.


4.2 Қарастырылатын мәселелердің тізімі Университет ректорының өкімдерінің, Ректорат мүшелерінің ұсыныстарының және Ректораттың алдыңғы шешімдерінің негізінде толықтырылуы мүмкін.

4.3 Баяндама-сөз келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- Мәселе бірізді, анық және қысқаша берілуі тиіс;
- Нәтижелерді талдау болуы тиіс, қажет болса, кемшіліктер және олардың пайда болу себептері көрсетілуі тиіс;
- Баяндаманың соңында мәселені ұтымды шешуге бағытталған қорытындылар келтірілуі тиіс.

4.4 Баяндамашының сөзіне мақұлдауды және/немесе бекітуді талап ететін құжаттар қоса берілуі мүмкін. Дайындалған құжаттарға оларды орындауға жауапты тұлғалар (проректорлар, декандар, бөлім басшылары, т.б.) қол қойып, мақұлдауы тиіс.

4.5 Ректорат мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға, олар бойынша өзінің пікірін білдіруге құқықты.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	4 нұсқасы: 29.10.2021
	РЕКТОРАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

4.6 Ректораттың мәжілістерінің хаттамасында қаулы етілетін шешім оны орындауға жауапты тұлға мен орындау мерзімі көрсетілуімен, қысқаша берілуі тиіс.

## 5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

